

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

**ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІНІҢ
ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ**

АЛҒЫ СӨЗ

- Әлемде және Қазақстан Республикасында жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси салада қайта құру процесі өзін-өзі дамыта және өз мүмкіндігін барынша пайдалана білетін тұлғаның шығармашылық күш-қайратын дамыту барысында рухани-адамгершілікті, интеллектілікті белгілі бір деңгейде жақсарту қажеттілігін міндеттейді. Соған орай қазіргі кезде Қазақстан Республикасында педагогикалық маңызды міндеттердің бірі ретінде өмірде, қарым-қатынаста өзінің сана-сезімі мен күш-қайратын, шығармашылық қабілетін дамыта және жүзеге асыра білетін әлеуметтік-бағдарланған *тұлғаның жан-жақты мәдениетін тәрбиелеуді* қарастырады. Бұл міндетті шешуде *жоғары дәрежелі кәсіби білікті құзырлы педагог-мұғалімдерді даярлау* үрдісі маңызды рөл атқарады.
- Оған К.Д.Ушинскийдің «...тәрбиешінің жеке басының жас жанға ететін ықпалы оқулықтармен де, жақсы әдет-ғұрыпты құлаққа сіңіретін уағызбен де, жазалау және мадақтау жүйесімен де ауыстыруға көнбейтін тәрбиелеушілік күшке ие» деген пікірі мен Д.И.Менделеевтің «Мұғалімнің бүкіл мақтанышы – шәкірттерінде, өзі шашқан ұрпақтарының өсіп-өнуінде» деген көзқарасы дәлел болмақ.

- К. Д. Ушинский «Адамға тәрбие беру әдістері» атты іргелі еңбегінде «Тәрбие беру өнері жұрттың бәріне дерлік таныс және түсінікті іс, ал кейбіреулерге тіпті оңай іс болып көрінетін ерекшелігі бар – бұл, адамның онымен теориялық немесе практикалық таныстығы неғұрлым азырақ болған сайын соғұрлым түсініктірек және оңайырақ болып көрінеді. Жұрттың барлығы дерлік тәрбие беру *төзімділікті* талап ететінін мойындайды, кейбіреулер бұл үшін туа біткен *қабілеттілік* және *іскерлік*, яғни *дағды* керек деп ойлайды, бірақ төзімділік, туа біткен қабілеттілік пен дағдыдан басқа, арнаулы *білім* де қажет екеніне... көз жеткізеді» – дейді.
- Олай болса, ұстаздарға қажетті тәрбие беру өнерін меңгерту арнаулы кәсіби орта және жоғары педагогикалық оқу орындарында жүзеге асырылады. Педагогикалық оқу орындарының студенттеріне тәрбие беру өнерін меңгертудің алғашқы кезеңі *педагогика курсы*н оқып-үйренуден басталады. Ол көп сатылы болып келеді. Соның ішінде **тәрбие жұмысының теориясы және әдістемесінің** қызметі де айрықша. Соған орай бұл **оқу пәнінің мақсаты** – *педагогикалық оқу орындарының студенттеріне мектеп оқушыларының тәрбие жұмысының бағыттары, мазмұны мен ұйымдастыру әдістемесінің негізгі мәселелерін оқып-үйренуге, біліктіліктерін қалыптастыруға бағыт-бағдар беру және нақты көмек көрсету.*

- Мектеп жағдайында бұл жауапты мәселені жүзеге асыру негізінен *сынып жетекшілеріне* жүктеледі. Оқушылардың *тәрбие жұмысын нәтижелі ұйымдастыру*, сынып жетекшілерінің *педагогикалық білім деңгейінің сапасы* мен *педагогтік шеберлігіне* байланысты. Оған мектептің педагогикалық ұжымы мен балалардың ата-аналарын, тіпті жұртшылықты тарта білу қабілетін игерудің де маңызы ерекше.
- Сондықтан бұл оқу пәні студенттердің практикалық дайындығының нәтижесін қамтамасыз ету мақсатында *оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесін жан-жақты оқып-үйренуді қарастырады.*

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесінің» пәні, міндеттері

- Педагогика көп салалы ғылым. Оның тарихы, әдістемесі бар.
- Педагогика ғылымының жетілуі барысында тәрбие жұмысының әдістемесі де өзіндік бет-бейнесі, бағыт-бағдары бар *ғылыми пән ретінде* қалыптасып және дамып келеді. Оның қарастыратын мәселесі **оқушылардың тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік аспектілері**. Соған сәйкес соңғы жылдары педагогикалық жоғары және арнаулы кәсіби педагогикалық оқу орындарында тәрбие беру теориясы мен әдістемесі жөнінде арнаулы курстар мен практикалық сабақтар кең етек жаюда.
- Ондағы көзделген негізгі **міндеттер** қатарына жатады:
- -болашақ мұғалімдерге оқушылардың сабақтан тыс уақытта тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті білімдер, біліктер мен дағдыларды меңгерту;
- -тәрбие процесін және оны әртүрлі типтегі білім беру мекемелерінде нәтижелі ұйымдастыру жағдайын түсіндіру;
- -тәрбие процесін ұйымдастырудың ең жетілген жаңа жүйелері мен технологияларын жасау.

- Ол үшін:
- 1) *болашақ кәсіби мамандарға тәрбие беру жұмысын ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен принциптерін, формалары мен әдістерін ашып көрсету;*
- 2) *тәрбие беру өнерін меңгеруге көмектесу, соған сәйкес оқушыларға тәрбие беру саласындағы білімдерін кеңейту және біліктіліктерін қалыптастыру.*
- 3) *оқушылардың тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы педагогикалық талаптарды ескере отыра, оларды тәрбие процесін басқару өнерімен қаруландыру қажет.*
- Бұл, әрине өте күрделі өнер. Оны педагогикалық тәжірибеге ғана емес, сонымен қатар тәрбие беру теориясы мен әдістемесі жөніндегі терең де жан-жақты білімдер жүйесіне сүйене отырып меңгеруге болады.
- «Пән» (предмет) – сол ақиқаттың мәнін анықтайтын негізгі буын. «Мән заттың табиғатын анықтайды». Сондықтан «тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесінің **пәні** – мектептің біртұтас педагогикалық процесінде *оқушылардың тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесі.*
- «Нысана» (объект) – белгілі бір ғылымда зерттеліп отырған ақиқаттың саласы.
- Оның **нысаны** болып мектептің біртұтас педагогикалық процесіндегі *тәрбие жұмысы.*

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі пәнінің негізгі ұғымдары

- Қандай да бір ғылыми пәндер секілді, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі пәні белгілі бір ғылыми аппаратқа (ұғымдарға) арқа сүйейді. Ол негізінен 3 түрлі категорияға бөлінеді.
- 1) *жалпы ғылыми ұғымдар*, олар басқа ғылыми пәндерден келген. Мәселен:
 - - философия: жалпы мен жалқы, мән мен құбылыс, қарама-қайшылық, себеп пен салдар, мүмкіндік пен ақиқат, сан мен сапа, форма мен мазмұн, байланыс;
 - - психология: зейін, түйсік, ес, қабілет, қарым-қатынас, іс-әрекет, темперамент, нышан, тұқымқуалаушылық және т.б.;
 - - кибернетика – кері байланыс, динамикалық жүйе;
 - -әлеуметтану – әлеуметтену, орта, әлеуметтік институт, әлеуметтік ұжым, қоғамдық пікір және т.б.;
- 2) *жалпы педагогикалық ұғымдар*: педагогика, білім беру, тәрбиелеу, оқыту, біртұтас педагогикалық процесс, педагогикалық әрекет;
- 3) *арнаулы ұғымдар*: тәрбие жұмысы, тәрбие жүйесі, тәрбие шарасы, ұжымдық шығармашылық іс, педагогикалық өзара әрекет, тәрбие әдістері, тәрбиеші, тәлімгер, тәрбиелік жағдаят, тәрбиелік ықпал және т.б.

- Тәрбие жұмысының ең көлемді категориясы болып «*тәрбие процесі*» табылады. **Тәрбие процесі** - қоғамның талап-тілектеріне сай әрбір жеке тұлғаның ақыл-ойын, сана-сезімін, ерік-жігерін, мінез-құлық ерекшеліктерін жүйелі түрде қалыптастырып, дамытуға бағытталған тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара бірлескен әрекеті.
- Оның мәнісі негізінен әртүрлі тәрбиелік іс-әрекеттерді ұйымдастыру барысында оқушы тұлғасын қалыптастыруда мақсатты түрде ықпал ету жағдайымен анықталады және өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамыту мәселелерін де ұйымдастыруды қарастырады.
- Бұндай әрекетте баланың оған қатынасуы (шығармашылығы, белсенділігі, дербестігі т.с.с.) мен қарым-қатынасының (қызығушылығы, қажеттілігі т.с.с.) сипаты ерекше маңызға ие болады. Сондықтан да тәрбие процесінде мұғалімге, ұстаздарға, тәрбиешілерге тәрбиелік іс-әрекеттерді ұйымдастыруда белгілі бір талаптар қойылады. Олар баланың қызығушылығын, ықыласын тәрбиелеп, қажеттілігі мен талабын ынталандыруы және тәрбиелік іс-шараларға жағымды қарым-қатынас орнықтыруы тиіс.
- Тәрбие процесі тәрбиенің *мақсаты* мен оны *ұйымдастыру* сипатын анықтайды. Сондықтан да ол мақсатты және саналы процес болып табылады.

- **Тәрбие жүйесі** - мақсаттар, ұжымдық қатынастар, шығармашылық істер, тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың әр түрлі формалары мен тәсілдерінің бір-бірімен өзара тығыз байланысты *жиынтығы* ретінде қарастырылады.
- **Тәрбие жұмысы** - тұлғаның толыққанды дамуына жағдай жасауға бағытталған үлкендер мен балалардың өмір сүру әрекетін ұйымдастыру процесі.
- **Тәрбиелік қарым-қатынас** – тәрбие жұмысында пайда болатын және рухани-адамгершілікке бағытталған адамдардың әртүрлі сипаттағы өзара әрекеттесуі.
- **Тәрбие жұмысының формасы** - оқушылардың нақты тәрбие әрекетін ұйымдастыру нұсқасын (жолдарын), олардың үлкендермен өзара әрекеттестігін, нақтылы істің композициялық құрылымын, оның мазмұнын, атрибуттарын, әдістемесін, дайындық және өткізу технологиясын, педагогикалық талдауын анықтайтын тәрбие процесінің негізгі буыны.
- **Сыныптан тыс тәрбие жұмысы** – бала тұлғасының әлеуметтенуін қажетті жағдаймен қамтамасыз ететуде педагогтардың сабақтан тыс кезде тәлімгерлердің әртүрлі әрекеттерін ұйымдастыру жұмыстары.

- **Сабақтан тыс жұмыс** – мектептің оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлігі, оқушылардың қолы бос кез уақытын ұйымдастырудың бір формасы, бағыты. Сабақтан тыс жұмыс көптеген жағдайда балаларға қосымша білім берумен сәйкес келеді. Мәселен, мектептегі үйірмелер (ғылыми, көркемөнер, пәндік), көркемөнер студиялары, спорт секциялары және т.б. жұмыстары.
- **“Тәрбие шарасы”** топтық (ұжымдық) әрекет ретінде ұйымдастырылған тәрбие жұмысының жеке бір актысы (бөлігі) ретінде қарастырылады (Н. Е. Щуркова бойынша).
- Психология және педагогикалық әдебиеттерде тәрбие шарасы тәрбие жұмысының көптеген түрлері мен формаларын белгілеуде қолданылады. Тәрбие шарасы – бұл бірыңғай тәрбиелік мақсатқа бағындырылған әр түрлі тәрбиелік ықпалдың жыйынтығы. Жекелеген сабақтардан тұратын оқыту процесі секілді тәрбие процесі тәрбиелік шаралардың негізінде қалыптасады. Яғни, шара – бұл тәрбие процесінің бір актасы (бөлігі).
- **“Тәрбие ісі”** ұжымдық шығармашылық әрекеттің әдістемесінде (И. П. Иванов бойынша) үлкендердің (мұғалімдер, ата-аналар, жай қатысушылар) және балалардың шығармашылық әрекеттің субъектісі тұрғысынан қарастырылады.

- Тәрбие ісі ұжымдық және шығармашылық сипатта болады. Сондықтан ол ұжымдық тәрбиелік іс немесе ұжымдық шығармашылық іс деп аталады. Профессор И.П.Иванов – бұл тәрбие шарасы емес, керісінше қамқорлық. Ұжымдық шығармашылық іс – бұл айқын, еңбек және ойынмен, шығармашылық және жолдастық қарым-қатынаспен, арман және қуанышпен толыққан ұйымдастыру тәсілі, сонымен бірге негізгі тәрбие құралы деген анықтама береді.
- Тәрбие ісінде тәрбиешілердің оқушылармен өзара әрекеттесінің формалары, құралдары және тәсілдерін бірлікте қарастырады.
- Тәрбие ісінің негізіне екі көзқарас жатады – іс-әрекеттік және кешенділік. Іс-әрекеттілік оқушылардың әр түрлі әрекетін ұйымдастыруды талап етеді: танымдық, еңбек, қоғамдық, көркемөнер, спорттық, құндылық-бағдарлық және еркін қарым-қатынас. Кешенділік (комплексный) – барлық іс-әрекеттің органикалық байланыста болуы, біртұтас процесте олардың бірыңғай ықпалдастығы. Мәселен, тәрбие ісі бірмезгілде өзінде тәрбие салаларының (адамгершілік, эстетикалық, интеллектуалдық және т.б.) ықпалын қарастырады.
- Іс-әрекеттілік көзқарас тәрбиенің бағытын көрсетеді, ал кешенділік тәрбие мазмұнының сипатын анықтайды.

- Тәрбие ісін *жүйелік* тұрғыдан қарастырғанда, оның құрылымы төмендегідей болады.
- 1) мақсатқоюшылық (жағдайдарды талдау, басымдық танытатын тәрбие мақсатын белгілеу);
- 2) жоспарлау;
- 3) ұйымдастыру және дайындық;
- 4) тәрбие ісін тікелей жүзеге асыру;
- 5) қол жеткізілген нәтижені талдау, бағалау, қорытындылау.

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәнінің басқа ғылым салаларымен байланысы

- Қандай да бір ғылымның саласы, ол өз алдына жеке өмір сүрмейді, міндетті түрде ғылымның басқа да салаларымен бірлікте, өзара байланыста, бірінің бірі сол саладағы жетістіктерін пайдаланып, ары қарай жетіледі, дамиды.
- *1.Педагогика ғылымымен байланысы* – бұл тәрбие теориясының іс жүзінде қолданылатын **практикалық** (прикладной) саласы ретінде мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың бағыттары мен принциптерін, формалары мен әдістерін анықтайды, зерттейді және тәрбиешілерге оны меңгертуде нақтылы көмек көрсетеді. Соған сәйкес тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі педагогиканың тәрбие теориясына негізделіп оқытылады.
- *2.Психология ғылымымен байланысы:* психология ғылымы адамның психикалық процестерін зерттейтін ғылым саласы болғандықтан тәрбие жұмысын ұйымдастыруда әртүрлі жастағы балалардың психикалық процестерінің заңдылықтары мен ерекшеліктері танып білмей тұрып, тәрбие жұмысын ұйымдастыру мүмкін емес. Сол үшін де ол психология ғылымымен өте тығыз байланыста болып келеді.

- *3.Этнопедагогика ғылымымен байланысы* – бала тәрбиесі тікелей ұлттық құндылықтарға бағытталса, оның мазмұны тәрбие жұмысын ұйымдастыруда міндетті түрде басшылыққа алынады.
- *4.Әлеуметтану ғылымымен байланысы:* әлеуметтік ортаның адамға ықпалын, адамның қоғамдағы жағдайын, әлеуметтік мінез-құлқын зерттейтін ғылым ретінде ол тәрбиеге байланысты әртүрлі әлеуметтік құбылыстардың, ортаның мәнін, ықпалын, заңдылықтарын жете түсінбей тұрып балалармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мүмкін емес.
- *5.Педагогика тарихымен байланысы:* педагогика тарихы әртүрлі тарихи дәуірлердегі педагогикалық идеялар, пікірлер, көзқарастар мен тәрбиенің даму тарихын зерттейтін ғылым саласы болғандықтан, сол дәуірлердегі бала тәрбиесіне қатысты озық тәжірибелермен таныса отыра, оның жетістіктерін бүгінгі таңда өзінде қарастыруды көздейді.
- *6.Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясымен байланысы* – бұл әртүрлі жастағы балаларды тәрбиелеуде оның жетекші заңдылықтары, принциптері мен ерекшеліктері жайында кәсіби білімдермен қаруландырады, соған сәйкес тәрбие процестерін жобалауға және оны жүзеге асыруға, оның нәтижесін бағалауға көмектеседі.

- *7.Философия ғылымымен байланысы:* негізінен философия барлық ғылымдардың, соның ішінде педагогиканың әдіснамалық негізі болып, тәрбие мен білім берудің заңдылықтарын жете ұғынуға ықпал етеді. Педагогикалық ізденіс бағыттары, білім беру мен тәрбиенің мағыналық, мақсаттылық және технологиялық сипаттарын анықтау және белгілеу негізінен философиялық көзқарастар жүйесіне байланысты болады.
- *8.Физиология ғылымымен байланысы* – бұл тірі организмдердің механикалық, функционалдық және биологиялық қызыметтерін зерттейтін ғылым саласы болғандықтан, ол балалар мен жасөспірімдердің денесінің өсуі мен дамуының жалпы заңдылықтарын қарастырады (адам денесінде болатын көріністерді баяндайды (қан жүру, дем алу сықылды) (М.Жұмабаев). Демек, оларды білу әрбір педагог үшін балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыруда қажетті буын болып табылады.
- *8.Гигиена* – денсаулық туралы ғылым (саулықты сақтау пәні (М.Жұмабаев). Бұл адам денсаулығы үшін өмір мен еңбектің қандай жағдайлары пайдалы, аурулардан қалай сақтануға, денсаулықты қалай күтуге және өмірді қалай ұзартуға болатынын түсіндіруге көмектеседі.

- Демек, мектеп гигиенасы оқушының денсаулығын сақтау және оны нығайтуға көмектесе, «тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні педагогқа оны қалай ұйымдастыру әдістемесімен қаруландырады.
- *9.Анатомия* – бұл баланың даму процесінде жоғары жүйке қызметінің негізгі заңдылықтарын жете түсінуге көмектеседі. Бұл орайда болашақ ұстаз осы заңдылықтарды меңгеру барысында оқушылардың тәрбие жұмыстарын нәтижелі ұйымдастыруға мүмкіндік алады.
- Жоғарыда аталған және т.б. ғылым салалары бала тәрбиесінде, оны нәтижелі ұйымдастыруда жетекші факторлар ретінде үлкен қолдауға ие.

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәнінің әдіснамалық негіздері

- **Әдіснама** – ғылыми еңбек жазудың әліппесі, белгілі бір ғылым саласында оған бағыт беретін, ондағы зерттеліп отырған объектіні тануға көмектесетін білімдер жүйесі. Демек, әдіснама – «Зерттеуді қалай ұйымдастыру керек?», «Қандай философиялық теорияға сүйену қажет?» - деген сұрақтарға жауап беретін, зерттеушінің өз саласын толық білуге ықпал ететін, білім қорларын анықтауға көмектесетін, әдебиеттердің оқу бағыттарын көрсететін, педагогикалық құбылыстарды зерттеу және тану *әдістерінің жиынтығы*.
- **“Әдістеме”** – ол белгілі бір мақсатқа жетудің немесе жету үшін қолданылатын түрлі амал-тәсілдердің жиынтығы.
- **Әдіснамалық көзқарас немесе ілім** (методологический подход) деп, Е.Н. Степановтың пікірінше «белгілі бір табиғи немесе әлеуметтік шындық нысанасын тану немесе қайта құру процесінде жинақталған білімдер, ұғымдар, принциптер, тәсілдер мен құралдарды қолдануда қарастырылған *теориялық және практикалық әрекеттің бағыты* деп түсіну» керек.

- Оның негізіне, әдетте,
 - біріншіден, фундаменталдық философия, жалпығылыми және нақты-ғылыми ұғымдар мен ережелер;
 - екіншіден, принциптер, яғни таным немесе практикалық әрекетті жасаудағы негізгі қағидалар;
 - үшіншіден тәрбие процесін құру немесе қайта құрудың әдістері және тәсілдері кіреді.
- Әдіснамалық білімдерсіз белгілі бір ғылым саласында зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкін емес.
- Бүгінде педагогика ғылымында – *тұлғалық-бағдарлық, іс-әрекеттілік, мәдениетшілдік (культурологический), жүйелілік, кешенділік (комплексный), ықпалдастық, біртұтастық (интегрированный-целестный), этнопедагогикалық, антропологиялық секілді* әдіснамалық көзқарастардың жүйесі қалыптасқан. Олар тәрбие процесінде **жетекші идеялар** болып табылады. Сондықтан да оқушылардың сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда оларды пайдалану әрбір педагогтың негізгі міндетіне жатады.

- **Тұлғалық-бағдарлық көзқарас.** Адамның тұлға ретінде әлеуметтік, әрекеттілік және шығармашылық мәні туралы принципті баяндайды. Ол тұлғаны тарихи-қоғамдық даму нәтижесі және мәдениет жаршысы ретінде таниды.
- Тұлғалық-бағдарлық көзқарас педагогикалық процессті жобалап, бағдарлауда *тұлғаны* мақсат, субъект, оның нәтижесі және негізгі өлшемі ретінде қарастырады. Тұлғалық көзқарас негізіне, сонымен бірге бала жайында терең білім, оның туғаннан өзіндік қасиеттері мен мүмкіншіліктері, қабілеттерін жетік білу және оны басқалар немесе өзі қалай қабылдайды, міне осы жайындағы көзқарастар жүйесі. Сондықтан да тәрбиеші осы бағыттағы қандай да болмасын өзінің педагогикалық әрекетінде тұлғаның дара ерекшелігін тануды мақсат етіп қояды.
- **Іс-әрекеттілік көзқарас.** Тәрбие процесінде тұлға дамудың негізі, құралы және шешуші факторы болып есептелінеді. Бұл сана және әрекеттің бірлігі идеясына негізделіп, тәрбиеде жаңа жүйені қалыптастырды. Мұндай көзқарас педагогикалық зерттеу жұмыстары және практикалық әрекеттер барысында *тұлғалық-бағдарлық* принциппен тығыз қарым-қатынаста болып, оның жүзеге асуына тікелей ықпал етеді.

- Әрекет мақсаты – бұл адамдардың қоршаған ақиқат өмірді қайта жаңғыртуға бағытталған көзқарасы. Оның негізгі формасы – еңбек. Сондықтан адамның барлық деңгейдегі заттық және рухани әрекеті еңбек негізінде пайда болып, оның негізгі ерекшелігін өзінің бойына сіңіріп, қоршаған өмірді шығармашылықпен қайта жаңғыртады. Соның негізінде ол субъект ретінде дамиды әрі өзін де қайта жаңартады.
- Дегенмен, әрекетте тұлғаның қалыптасып, дамуы ол соңғы фактор болмайды. Соңғысы баланың таным, еңбек және қарым-қатынас жағдайын жандандыруды және оның әрекетін ұйымдастыруды көздейді. Бұл, өз кезегінде, баланы қандай да бір әрекеттің мақсатын тандай және оны жоспарлай білуді үйретуді, оны ұйымдастыру және реттеу, бақылау, өзіндік тұрғыдан талдау жасау және әрекеттің нәтижесін бағалауды көздейді.
- **Мәдениетшілдік** (культуралогиялық) **көзқарас**. Бұл нақтылы-ғылыми әдіснамалық таным ретінде және педагогикалық ақиқатты жаңғыртуда өзінің негізгі *аксиологиясы* – жалпыадамзаттық мәдени құндылық (заттық және рухани) жайында оқу болып табылады. Ол жалпыадамзаттық мәдени құндылыққа негізделіп, оған қайшы келмейтін ұлттық мәдениет және аймақтық дәстүрлерді құрайды. Сондықтан да ол тұлғаның өз ұлты және туысқан халықтар мәдениетін оқып-білуі, одан әрі жалпыадамзаттық мәдениетпен танысуы арқылы өзінің мәдени дамуын қамтамасыз етуді көздейді.

- Мәдениетшілдік көзқарас құндылық жүйесі ретінде адамның мәдениетпен объективтік байланысы негізінде пайда болған. Өйткені адам өзінде мәдениеттің бір бөлігіне ие. Оның жеке тұлғасы тек мәдениетті меңгеру негізінде ғана дамымайды, сонымен бірге өзі де оған принциптік тұрғыда жаңалық енгізеді, яғни ол мәдениеттің жаңа элементтерін жасаушысы да бола алады. Сондықтан да құндылық жүйесінде мәдениетті меңгеру, біріншіден, адамның өзінің даму жағдайы, екіншіден, шығармашыл тұлға ретінде қалыптасуы жүзеге асады.
- **Жүйелік көзқарас** бірден бір әдіснамалық принцип болып есептеледі. Оның мәні педагогиканың жекелеген элементтерін бір бірінен оқшау қарастыратырмайды, керісінше олардың бір бірімен өзара байланысын қамтамасыз етіп, бірыңғай жүйе құрады. Сондықтан да жүйелік көзқарас жекелеген педагогикалық элементтерді құрастыратын жүйелік қасиет және сапалық сипаттаманы тудыруға мүмкіндік береді.
- Жүйелік көзқараста педагогикалық жүйе келесі компоненттердің өзара байланысының жиынтығы ретінде қарастырылады: білім берудің мақсаты, педагогикалық процестің субъектісі (мұғалім және оқушы), білім беру мазмұны (жалпы, базалық және кәсіби мәдениеттілік), педагогикалық процестің формалары және әдістері және материалдық база.

- **Ықпалдастық** немесе **біртұтастық** (интегрированный подход) көзқараста тұлғаны қалыптастыру тәрбие әрекетінің негізгі компоненттерінің өзара тығыз байланысын қамтамасыз етуді қарастырады. Бүгінде тәрбиедегі тұлғаны жан-жақты дамыту идеясында жалпыадамзаттық мәдениетті меңгеру, соның ішінде ақыл-ой мәдениеті, зияттық мәдениет, политехникалық және еңбек мәдениеті мен тұлғаның кәсіби бағдары, адамгершілік мәдениеті, саяси және құқық мәдениеті, эстетикалық және дене, экологиялық және экономикалық мәдениет, дәстүрлі және этнопедагогикалық мәдениетті қамтиды. Олай болса, жоғарыда аталған мәдениеттің барлық түрі, олардың өзара байланысы адамның өмірді, табиғатты, қоғамды, өндірісті, өнерді *біртұтастық* тұрғыдан қабылдауының негізгі көзі болып, оның ғылыми дүниетанымының тұтастай қалыптасуына маңызды әсер етеді.
- **Этнопедагогикалық көзқарас** қазіргі тәрбие теориясы мен практикасы үшін аса қажет педагогика мен халықтық тәрбиенің бірлігін, этностық тәрбиенің сипаты мен ерекшелігін және оны мазмұндау, адамзаттың көпқасырлық тәрбие әрекеті нәтижесінде жинақталған педагогикалық құндылықтарды практика жүзінде қолдана алу қажеттілігін айқындайды.

- **Антропологиялық көзқарас** тұңғыш рет К. Д. Ушинскийдің еңбектерінде қарастырылған және дәлелденген. Оның пайымдауынша – бұл барлық ғылым салаларында адам жайында деректерді жүйелі түрде пайдалану, оларды есепке алу және педагогикалық процесте жүзеге асыруды көздейді. Сондықтан К. Д. Ушинскийдің “Егерде педагогика адамды барлық жағынан тәрбиелегісі келсе, онда оны барлық жағынан білуі тиіс” деген пікірі бүгінде педагогика ғылымында өзекті мәселелердің бірі болып саналады.
- **Кешенділік көзқарас** – жалпы алғанда тұлғаны қалыптастыруға бағытталып, тәрбие процесінің нақтылы заңдылықтарына тең келіп, барлық құбылыстарды тұтастық жүйеге біріктіруге ықпал етеді. Осы тұрғыда А. С. Макаренко: “Адам баласы бөлшектеніп тәрбиеленбейді, ол синтез ретінде барлық ықпалдың жиынтығынан жаратылады. Әрі оған өзі де ұшырайды (тап келеді)”-, дейді. (Пед.соч. –М.-Л., 1948, с.38).
- Сондықтан да тәрбиедегі кешенді көзқарас тұлғаның барлық қасиеттерінің дамуына ықпал етуде пайда болады: санасы, эмоциясы, мінез-құлқы т.с.с. Тек бірлікте ғана бұл қасиеттер өскелең ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуді қамтамасыз етуі мүмкін. Яғни, тұлғаның барлық қасиеттеріне тек кешенділік жағдайында ықпал ету, өскелең ұрпақтың бізді қоршаған ақиқат өмірге тұлғалық қарым-қатынасын қалыптастыру мүмкін болады.

- Жоғарыда аталған педагогиканың *әдіснамалық* принциптері (методологические подходы) гуманитарлық білімдердің саласы ретінде, біріншіден, оның басты-басты проблемалық мәселелерін ашып көрсетуге және стратегиясын анықтап, оларды шешу тәсілдерін меңгертуге; екіншіден, білім беру және тәрбие мәселелерінің барлық жиынтығын талдауға; үшіншіден, тәрбие процесінің нәтижесіне алдын ала болжам жасауға, оны жоспарлауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесінің зерттеу әдістері

- Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесінде педагогикалық зерттеу әдістері қарастырылады. Педагогикалық зерттеу әдістері деп педагогикалық құбылыстарды байқап білу тәсілдерін айтады. Демек, зерттеу әдістері белгілі бір қойылған міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін зерттеу әрекеттерін орындау тәсілдері немесе операциялары ретінде танылады. Мәселен, тәрбие, білім беру, оқытудың заңдылықтары мен ерекшеліктерін объективті тануда төмендегідей зерттеу әдістерінің амал-тәсілдеріне сүйенеді.
- **Іс-қағаздарды сараптау** (құжаттарды талдау) әдісі – бұл білім беру мекемелері саласында атқарылған іс-әрекеттің нәтижесіне баға беруде педагогикалық зерттеудің бірден-бір тәсілі. Онда, мысалы білім беру мекемесінің оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары, оқу-әдістемелік сипаттағы іс-қағаздар, аттестация нәтижелері және т.б. құжаттарды тадау жұмыстары атқарылады. Сонымен бірге, әрбір оқушының, жеке басына қатысты іс-қағаздарымен жан-жақты танысу да көзделеді. Іс-қағаздарға: дәрігерлік құжат, сынып журналы, жиналыстар мен мәжілістердің хаттамасын, үлгерім қағазын, т.б. құжаттарды жатқызуға болады.
- Мұрағат материалдарын зерттеу, белгілі бір педагогикалық мәселеге байланысты теориялық еңбектермен танысу, оларға талдау жасауда қарастырылады.

- **Бақылау әдісі** – бұл жалпы ғылыми зерттеу әдісі. Онда педагогикалық зерттеу жұмыстары қандай да бір педагогикалық құбылыстардың өту жағдайын мақсатты әрі жүйелі түрде тікелей табиғи немесе эксперименттік жағдайда анықтауды, белгілеуді қарастырады.
- Бақылау *іріктеліп* немесе *жаппай* жүргізіледі. Ол алдын ала құрған жоспар бойынша жүргізіледі. Іріктеп бақылауда жекелеген педагогикалық мәселеге қатысты фактілерді анықталса, жаппай бақылауда тұтас педагогикалық процеске қатысты педагогикалық құбылыстардың мәнін ашу, деректі материалдар жинау барысында атқарылады. Бақылау – басқа зерттеу әдістерінің белгілі бір кезеңінде тоқталады. Бақылау әдісінде неғұрлым объективті мәліметтер алу үшін әр түрлі техникалық құралдарды да пайдалануға болады (суретке түсіріп алу, кино камерасын пайдалану, т.б.)
- **Сұрақ-жауап әдісі** – бұл, әдеттегідей, белгілі бір педагогикалық құбылыстарға қатысты алғашқы мәліметтерді жинау мақсатын көздеп, дәстүрлі сұрақтарды қою арқылы жүргізіледі.
- **Әңгімелесу әдісі** – бұл белгілі бір педагогикалық құбылыстарға бақылау деректерін жинақтай келе, оған қосымша ақпарат, материалдар, дерек көздерін алу үшін қолданылады. Әңгімелесу – алдын ала нақтылы мақсат қою, жоспар құру, солардың негізінде белгілі бір сұрақтарды әзірлеуді қажет етеді. Мектеп жағдайындағы әңгімелесу жекелеген оқушылармен, оқушылар тобымен, белсенділермен, мұғалімдер және оқушылардың ата-аналарымен жүргізіледі.

- Педагогикалық зерттеудің бақылау және әңгімелесу әдістерін қолданған кезде оның мазмұны міндетті түрде **күнделікке** жазылып отырылуы тиіс. Бұл әдістерге қатысты тағы бір ерекшелік, оның мақсатын жарияламау, нысана анықталып, зерттеліп отырған педагогикалық мәселелер туралы беймәлім болуын қажет етеді. Ондай болмаған жағдайда, зерттеушінің сұрақтарына жауап шын мағынасында берілмеуі мүмкін, не болмаса ол, оған жауап беруден бас тартуы ғажап емес.
- **Сауалнама** (анкета) **әдісі** зерттеліп отырған педагогикалық мәселеге, құбылысқа байланысты көпшілік пікірін білу мақсатында алдын ала тыңғылықты дайындаған сұрақтарға жазбаша жауап беру жағдайында жүргізіледі. Ол көпшіліктің жауабын салыстырмалы түрде материалдарды анықтау негізінде атқарылады. Бұл әдісті қолдану барысында ондағы сұрақтардың көлемі шағын, әрі анық болуын ескеру қажет.
- Сауалнама әдісінің жазбаша пікір сұрау түрінен (анкета жүргізу) басқа сұхбаттасу (интервью алу) әдісі де қолданылады. Әдістің бұл түрі әлеуметтік зерттеулерде көп қолданылады. Педагогика саласында да нақтылы жағдайға байланысты ішінара қолданылып отырылады.

- **Сұхбаттасу** (интервью) **әдісі** (латынша interview – әңгімелесу, кездесу – ауызша түрде әлеуметтік, психологиялық және т.б. тұрғысында қажетті мәліметтерді сұрақ-жауап арқылы алу тәсілі. Сұхбаттасу тәсілінің екі түрі болады: тақырып және формасы тұрғысынан әңгімелесу еркін жүргізіледі және стандартталған, яғни анкетаға ұқсас жабық сұрақ түрінде болады.
- **Социометрия әдісі** – бұл адамдардың өзара қарым-қатынасын өлшеу арқылы анықтауда, олардың бір-бірін тандауы негізінде жүргізілетін зерттеу тәсілі. Бұл өлшем социометриялық критерияларды (өлшем) анықтау негізінде жүзеге асады, ал оның нәтижесін социометриялық матрица немесе социограмма түрінде белгілейді. Мұғалімдердің немесе сынып жетекшілерінің бұл әдісті оқушылар ұжымын қалыптастыруда пайдалануы ұжымға немесе жекелеген топқа нәтижелі ықпал етудің ең тиімді тәсілдерін табуға мүмкіндік береді.
- **Эксперимент әдісі** (латынша experimentum – проба, опыт) – зерттеу жұмыстарында жалпы ғылыми әдіс болып саналады. Онда экспериментті жүргізушінің белгілі бір жағдайды қайта құруға бағытталған теориялық-практикалық сипатағы әрекеті орын алады, соның барысында зерттеліп отырған нысана табиғи немесе жасанды түрде алдын-ала қойылған мақсатқа сәйкес жүргізіледі. Эксперимент жұмысының ерекшелігі, зерттеу жұмыстарының өзгермеуі болмаса өзгермелілігі жағдайына байланысты оның қайталануы да мүмкін. Эксперименттің түрлеріне жатады: *табиғи, лабораториялық, қайта құру, қалыптастыру және т.б.* Олар үш деңгейде жүргізіледі: анықтау, бақылау, қалыптастыру эксперименті.

- **Ранжировка әдісі** – бұл педагогикалық зерттеудің барысында жиналған материалдарды белгілі бір тәртіппен маңызына қарай бірізділікпен орналастыру тәсілі. Мысалы, адамның сапалық қасиеттері: әдепті, іскер, құнтты, қайырымды, күшті, ақылды, ұстамшыл, дені сау, ақкөңіл, әдемі, ер мінезді және т.б.

- **Бақылау сұрақтары:**

- 1.«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні қандай мәселелерді қарастырады?
- 2.Оқу пәні ретінде тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесінің мақсаты, міндеттері қандай?
- 3.«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәнінің негізгі ұғымдары қандай?
- 4.«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәнінің басқа ғылым салаларымен байланысы қандай?
- 5.«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәнінің әдіснамалық негіздері мен ғылыми зерттеу әдістері қандай?